

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №1

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

25.09.2024 ж

Қатысқандар саны :11

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

- 1.Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы.
- 2.Педагог мамандардың іс-құжаттарын сараптау,бекіту.
- 3.Ұйқы ашар жаттығуы,шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы және жаттығулар кешені.
- 4.Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

1.Балабақша меңгерушісі М.Достаева бүгінгі кеңеске қатысып отырған педагогтарды түгелдеп жаңа оқу жылының алғашқы меңгеруші жанындағы кеңес отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды.Топтардың жабдықталуы және оқу жылындағы дайындығы жайында балабақшадағы топ тәрбиешілерінен сұрады.Жарыс сөзге шыққан тәрбиешілері: Л.Спатаева,К.Керимбекова ,И.Ермекбай өз топтарының жаңа оқу жылына қарай баланың жас ерекшеліктерімен стандарт талаптарына сай жабдықталып қойғанын айтты.Барлық балаларға орындар саны жеткілікті,стандарт талаптарын сақтай келе әрбір орталықтар жасақталғанын және биылғы оқу жылының ерекшелігі әрбір топ баланың қызығушылық сезімін оята келе «Біз оқитын кітаптар», «Менің сүйікті кітабым», «Кел,балалар, оқылық» бойынша кітаптар бұрышын жасақталғандығын айтты.

Педагог мамандардың іс-құжаттарын сараптау,бекіту.

М.Достаева – балабақша меңгерушісі сөз алып биылғы

2024-2025 жаңа оқу жылында әдістемелік нұсқау хат келгені туралы айтып өтті. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының құжаттаманы рәсімдеуде қойылатын талаптар:

Ұсынылатын құжаттама тізбесі:

Тәрбиешінің құжаттары :

1. Қатысу табелі
- 2.Бір жылға арналған перспективалық жоспар
3. Циклаграмма (аптаға арналған)
- 4.,баланың жеке даму картасы
5. Ертеңгіліктер сценарилері
- 6.Топтың ата-аналар жиналысының хаттамалары

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру қызметін қамтамсыз етуде

қажетті жағдайларды жасау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттардың тізбесі.

Балабақшаның аудандық білім бөлімінің бекітіп берген істер номенклатурасы мен де жұмыс жасау керек. Жаңа нұсқаулықта әдіскер мен меңгерушінің де құжаттамасы берілген осы мен жұмыс жасау. Барлық топтарда күн тіртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілген.

Дүйсек Сабина –тәрбиеші жаңа келген нұсқаулықты оқып танысып шықтым.

Бізге қолайлы екен. Тәрбиешілерге түсіндіріп,талқыланды.

3. Ұйқы ашар жаттығуы, шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы мен жаттығулар кешені жайлы топ тәрбиешілері: Л.Спатаева, К.Керимбекова және мейірбике И.Ермекбай өз ойларын ортаға салды. Балалардың дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсартуына, көздерін демалтуға, балалардың арқалары, қолдарындағы,табандарындағы нүктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасату.

Түскі ұйқыдан кейін баланың сергек болуы тәрбиешінің ерекше назар аударуын талап етеді.Түскі ұйқыдан әрбір бала жеке оятылады. Тәрбиеші балаларды көтеріңкі көңіл- күймен ояту керек.

4. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс барысын бекіту.Бүгінде балабақшаның ата-аналарымен жұмыс жүргізу кеңінен орындалуын талап етеді. Биылғы жылдың жалпы ата-аналарымен жұмыс жоспарын таныстырып бекітті.

Қаулы етеді:

1.Топтардың жабдыкталуы және жаңа оқу жылындағы дайындық жұмыстары күшейтіліп,топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

2.Педагогтардың іс-құжаттары нығайтылсын.

3. Ұйқы ашар жаттығуы,шынықтыру шаралары, жаттығулар кешені күн тәртібінде күнделікті орындалуы топ тәрбиешілеріне міндеттелсін.

4. Жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыстар жасалынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №2

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

23.10.2024 ж

Қатысқандар саны :11

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Күн тәртібінің орындалуы.
3. Топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы
- 4.«Топтарда таңертеңгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексерудің нәтижесі » .

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі М.Достаева бүгінгі меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады.Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенін балабақша әдіскері А.Ақжигитова жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігіін айтты.
2. Екінші мәселе бойынша Күн тәртібінің орындалуы жайлы балабақша әдіскері А.Ақжигитова сұралды.Күн тәртібі оқу үлгілік бағдарламаға сай жүргізіліп жатқандығын айтты.Балабақшадағы жұмыс режимін ұйымдастыру балалардың жасына байланысты белсенді ойындарға, іс-әрекеттерге және демалыстарға жеткілікті уақытқа жететінетіп жасалған.Балабақшадағы баланың жағдайына ыңғайластырып жасалған күндізгі режимде еркін әрекет ету уақыты дербес ойындар үшін беріледі.Сондай-ақ, балалар таза ауада жүргенде бір-бірімен ойнайды.Егер ауа-райы қолайсыз болса,онда балалар жүрудің орнына топта уақыт өткізеді.Барлық талаптар сақталған.
3. Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А.Әнуар сөз алып,балаларды қабылдау бөлмесінде тазалау аспаптарын қалдырмау,бүкіл құрал-жабдықтарды дезинфекциялық ерітінділерді балалардың қолы жетпейтін жерге қою керектігін айтып өтті. Балалар болмаған жағдайда

ғана бөлме іші желдетіледі.Шеті сынған ыдыстармен балаларға тамақ беруге болмайды тез арада ауыстырылуы керек.Балалар ыдыс-аяқтарын жарты сағатқа дезинфекция жасау жарты сағаттан соң алып таза сумен шайып қою керек деп түсіндірді.

4.«Топтарда таңертеңгі жаттығуларды ұйымдастырудың сапасын тексерудің нәтижесі» бойынша балабақша меңгерушісі М.Достаева қорытындылады.Қимыл-қозғалыс баланың баланың кез-келген іс-әрекетінің негізін құрайды.Баланың белсенді қимыл-қозғалысына шектеу қою өсіп келе жатқан организмнің биологиялық қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне кері әсерін тигізеді, сенсорлық дамуына кедергі жасайды.Физикалық жаттығулар дене тәрбиесінің негізі болп табылады.Егер балалар күн сайын таңертеңгі жаттығу жасауға дағдыланса және мүдделі болса ол сонысымен құнды болады.Таңертеңгі жаттығу балабақшада күнде ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді.Таңертеңгі жаттығулар өз деңгейінде ұйымдастырылған. Осыөайша өз ойын айтып қорытындылады.

Қаулы етеді:

1. Күн тәртібінің орындалуы уақытқа сай жоспарланып жүргізілуі топтәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайды одан әрі жақсарту.
- 4.Топтарда таңертеңгі жаттығуларды ұйымдастыру өз жалғасын тапсын, топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №3

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

13.11.2024ж

Қатысқандар саны : 10
Қатыспағандар жоқ

Күн тәртібінде:

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
2. «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қолданатын үлестірмелі материалдар көрмесі
3. Ортаңғы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі ас гигиеналық шараларды орындау қорытындысы
4. «Күз сыйы» көрмесін талдап,бекіту.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі М.Достаева қызметкерлерді жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. балабақша меңгерушісі. өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады.Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенін балабақша әдіскері А.Ақжигитова жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігіін айтты.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған әдіскер А.Ақжигитова математика негіздерінде қолданатын материалдар бойынша дайындалған анықтаманамен таныстырды.

Барлық топтарда математика негіздері бар.Онымен бірге кемшіліктерді де атап өтті. Тәрбиешілер мен мамандардың жоспарлары бірсарынды, қолданған әдіс-тәсілдердің қайталанатынын, балалардың үлестірме материален жұмыс атқаруы азырақ екендігі, топтарда ойын технологияларын тәрбиешілердің жақсы меңгермегенін, жалпы тәрбиешілер жаңашыл әдіс-тәсілдерді аз қолданатынына тоқталды. Одан соң әдіскер кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар берді.

Л.Спатаева тәрбиеші .Әдіскер: А.Ақжигитова айтқан кемшіліктерімен келісе отырып, барлық кемшіліктерді жою жолында жұмыс атқаратынына сенім білдірді.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А.Әнуар сөз сөйледі. Онда ортаңғы топтардағы таңғы жаттығулар мен түскі гигиеналық шаралар туралы айта келіп балалардың денсаулығының мәліметін мен

өткіземін.Тәрбиешілер балаларды таза ауаға күнделікті алып шығып таңғы жаттығуды таза ауада өткізіп және олардың өте қалың киінбеулерін қадағалау, себебі балаларға қимыл –қозғалысына қиын болады.Қимылды ойындарды серуеннің соңында ойнату себебі балалар терлеп тез салқын тиеді. Қолдарын жуғызып тазалық сақтау.

3.Үшінші мәселе бойынша сөз алған меңгеруші А.Ақжигитова «Күз сыйы» көрмесін өткізілетін биылғы жылы ертеңгілікті алып тастағанын айтып өтті. . Көрме балалар үшін шын қуаныш әкелуі тиіс. Екіншіден барлық балалар қатысуы тиіс. Сондықтан әрбір баланың ата-анасын қатысуын қамтамасыз ету міндет. Барлық ата-аналарды шақыру ,күз мерекесі болғандықтан жемістер мен көкөністерден көрме ұйымдастыру керектігі тапсырылды.

Қаулы етеді:

1.«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда үлестірмелі материалдар саны көбейтілсін.

2. Күн тәртібіндегі таңғы жаттығулар түскі ас гигиенасы өз уақытында рындалсын.

3. « Күз сыйы» көрмесі өз дәрежесінде өткізілсін

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №4

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

13.12.2024ж

Қатысқандар саны : 11

Қатыспағандар жоқ:

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
- 2.Жаңа жыл ертеңгіліктері өтуін талдау.
- 3.Тамақ сапасын талқылау.
- 4.Бірінші жарты жылдық күнтізбелік жоспарларды тексерудің нәтижесі.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі. М.Достаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады.Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенін балабақша әдіскері А.Ақжигитова жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігіін айтты.

2. Жаңа жыл мерекелері жылда өткізілетін дәстүрлі мереке. Ертеңгіліктер балалар үшін шын қуаныш әкелуі тиіс. Екіншіден барлық балалар қатысуы тиіс. Сондықтан әрбір баланың әнге, биге тақпақ айтуға қатысуын қамтамасыз ету міндет. Мына сценарийлерде, көпшілік ойындар мен билер санын арттыру қажет.

Әдіскер А.Ақжигитова сөз алып Сценарийлер мазмұнына ортаңғы, ересек топтар мен мектепалды топтарда балалардың билер мен ойындарға толық қатысуын қамтамасыз етуге қимылды - музыкалық ойындармен толықтырамыз.

Шаруашылық меңгерушісі. М.Достаева жаңа жылда ата-аналар мерекелік ертеңгіліктерге көп қатысады. Сондықтан ата-аналарға мерекеге қатысуы үшін жағдайлар жасалуда. Бааларға мерекелік костюмдер алынып, сыйлықтар әзірленуде. Ертеңгіліктерге дайындық жағдайы жақсы деп есептейтін.

Тәрбиеші Л.Спатаева ертеңгілікке дайындық барысында өткізілетін ойындарға түрлі таратпа заттар қажет , сондықтан қазірден бастап сол керекті заттарды бізге алып беру қажеттігіне көңіл аударды.

3.Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А.Әнуар сөз сөйледі. Онда тамақ нормалары негізінен орындалатынын айта келіп, аспазшыға кейбір кемшіліктерді жоюды ұсынды. Онда балаларға берілетін салатты дәмді етіп

Шаруашылық меңгерушісі М.Достаева салаттың дәміне айтылған мәселеге тоқталар болсақ, кей уақытта қажетті көкөністердің жеткізілмей қалуына байланысты. Сондықтан алдағы уақытта дастархан мәзірін толық зерттеп қажетті тағамдарды дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз етілетінін айтты.

Балабақша әдіскері А.Ақжигитова тәрбиешілердің күнтізбелік жоспары зерттеудің қорытындылары бойынша дайындалған анықтаманамен таныстырды. Күнтізбелік жоспар мазмұны негізінен жоспар түзі талаптарына жауап беретінідігі, барлық тәрбиешілерді жоспар бар екендігі туралы айтып өтті. Онымен бірге кемшіліктерді де атап өтті. Тәрбиешілер мен мамандардың жоспарлары бірсарынды, қолданған әдіс-тәсілдердің қайталанатынын, балалардың үлестірме материален жұмыс атқаруы азырақ екендігі, топтарда ойын технологияларын тәрбиешілердің меңгермегенін, жалпы тәрбиешілер жаңашыл әдіс-тәсілдерді аз қолданатынан тоқталды. Одан соң әдіскер кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар берді.

Қаулы етеді:

1. Жаңа жыл мейрамы сценарийлері толықтырулар енізіле отырып бекітілсін.
2. Тамақ ұйымдастыру жұмысы қанағаттандырылғы деп есептелсін.
3. Тәрбиешілер мен мамандардың күнтізбелік жоспарлары сапасы жақсартылсын.

Хатшы:



А.АКЖИГИТОВА

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №5

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

22.01.2025 ж

Қатысқандар саны : 11

Қатыспағандар жоқ:

Күн тәртібінде:

- 1..Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалу туралы.
- 2.Балабақшаға балалардың қатысу жағдайы.
- 3.Топтардағы санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалу жай-күйі.
- 4.Жаңа жыл мерекелерін ұйымдастырудың сапасы,фото альбом жасау қорыту.
- 5.Балалардың сурет салу жұмыстарын талдау нәтижесі.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі М.Достаева қызметкерлерді жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады.Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенін балабақша әдіскері А.Ақжигитова жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігіін айтты. Бірінші мәселе бойынша сөз алған меңгер М.Достаева балалардың балабақшаға қатысуына келетін болсақ барлық топтарда балалар саны жақсы. Тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері жақсы жұмыс жасауда. Сонда да болса ортаңғы «Балбөбек» тобының балалары көбірек қалады.тәрбиешілер ата-аналармен тығыз байланыста болулары керек.

Екінші мәселе бойынша сөз алған медбике:А.Әнуар топтардағы санитарлық-гигиеналық жағдайға тоқталып өтті. Топтар таңертеңнен бастап терезелері балалар келмей тұрып желдету тиіс таза ауа кіргізіп,диохлор күнделікті пайдаланады. Үлкен топтарда балалар қолдарын өздері жуынады.Ал кіші топтарда қолдары кейде жуылып кейде жуылмайды деп кіші топ тәрбиешілеріне ескерту жасалынды.Ойыншықтарды да 0,015% пен жуу.

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші М.Достаева жаңа жыл мерекесі жылда өткізілетін дәстүрлі мереке. Ертеңгіліктер балалар үшін шын қуаныш болды.барлық балалар қатыстырылды. әрбір бала әнге, биге тақпақ айтуға қатысты.Сценарий жақсы ұйымдастырылған.Балалар ертегіні көріп дән риза

күйде болды.Ертеңгілікке мыстан,аю,қоян келді. Жеке ән аз және оны жанды дауыспен айтуы қажет деп музыка жетекшісіне ескерту жасады.Осы өткізілген ертеңгіліктерге фото альбом жасауды тапсырды.Тәрбиешілерге тапсырылды

Сценарий өз ойымнан шықты. Мақсатыма жеттім. Ата-аналар балалар дән риза.Балалар мен бірге хор, жеке ән, квартетпен ән айтқызуға және өзінің кемшіліктерін жоюға уәде берді.

Шаруашылық меңгерушісі М.Достаева

Жаңа жылда ата-аналар мерекелік ертеңгілікке көп қатысты.Сондықтан ата-аналарға мерекеге қатысуы үшін жағдайлар жасалынды. Балаларға мерекелік костюмдер алынып, сыйлықтар әзірленді.Тәрбиешілер де ертегі кейіпкерлері костюмдерін алдырып балаларға қойылым көрсетті. Ертеңгіліктің өткізілу жағдайы жақсы деп есептеймін.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер А.Ақжигитова сөз алып балалардың сурет салу жұмыстарына тоқталды.Тәрбиешілерге сұрақтар қоя отырып өрбітті. Сурет салу техникалық дағдыны меңгертіп,қолынақалам ұстай білу,бояу,фламастермен жұмыс істеуді меңгерту емес.Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында емес әдіс-тәсіл түрлері,мөрбасу,кляксография,монотипия,майшаммен,жіпграфикасы,бүктеме,саусақпен,аяқпен, ылғалды бетке сурет салу,нүктемен,саусақпен бастыру.Мұндай әдістерді пайдалану баланың қиялын,ойлау қабілетін жетілдіреді. Тәрбиеші бала жұмысының нәтижесіне қарай отырып оның ішкі жан дүниесін көре алады. Балалар сұлулықты сезініп сезімтал болатынын, олардың бойындағы дарынын ояту үшін жұмыс жасау керектігін айтты.

Қаулы етеді:

1. Балалардың қатысуын осы қарқында ұстау.
2. Топтардағы санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын күшейту.
3. Жаңа жыл мерекелерін ұйымдастырылуы қанағаттандырлық фото альбом жасау.
4. Балалардың сурет салу жұмыстарын одан әрі қарай дамыту.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №6

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

22.02.2025 ж

Қатысқандар саны : 11
Қатыспағандар жоқ:

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының жоспарын бекіту.
- 3.Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы.
- 4.Дидактикалық ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту.

Тыңдалды:

1.Балабақша меңгеруші м.у.а М.Достаева бүгінгі меңгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады. Өткен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенің балабақша әдіскері А.Ақжигитова жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігін айтты.

1. 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының жоспарын бекіту туралы балабақша меңгеруші м.у.а А.Ақжигитова сөз алды . Ол алдағы уақытта ұйымдастырылатын 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының жоспарымен таныстырды. Әрине бұл мереке өте ерекше мереке екенін, балабармен мен ата-аналар арасында ойындар ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ұлттық ойындар, көрмелер басқа да іс әрекеттер ұйымдастырса болады. Бірақта әрбір мерекені өткізгенде ешқандай бала назардан тыс қалмау керектігінде ескетті. Жоспары түзіліп , бектілді.

2. Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы тақырыбында балабақша тәрбиешісі Л.Спатаева баяндамасы тыңдалды. Халық ауыз әдебиеті - талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай, асыл қазына, халық шежіресі. Онан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз, халқымыздың батырлық, ерлік тарихын көреміз. Балабақшада бүлдіршіндерді ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, олардың рухани өмірін байыта түсу балабақша тәрбиешілерінің болып табылады.

Бүлдіршіндердің ой - өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын дамытуда ауыз әдебиет үлгілері - ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштардың тигізетін пайдасы ұшан - теңіз. Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы — мақал мен мәтелдер арқылы да беріледі. Бала тілін дамытуда, ой — өрісін кеңейтуде халық ауыз әдебиетін балабақшада пайдаланудың маңызы зор.

Оқу іс- әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пән аралық байланысты жүзеге асыруға болады деп өз ойын қорытындылады.

2. Дидактикалық ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту бойынша балабақшадағы шығармашылық топ өз есебін берді. «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның танымдық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес», - деп В. А. Сухомлинский айтқандай, ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық іспетті. Ойын арқылы баланың өзін - өзі басқару қабілеті, тәрбиелігі, жауапкершілігі, оқу қызметіне деген ынтасы, ұйымшылдығы артады. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән – мағынасы ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу қажет. Өйткені ұйымдастырылған іс- әрекеттерінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын арқылы оқыту, бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырады деп қз ойларын қорытындылады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының жоспарын бекітілсін.

2. Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі маңызы тақырыбындағы тәрбиеші А.Ақжигитова баяндамасы әлеуметтік желілерге жариялансын.

3. Дидактикалық ойын арқылы баланың танымдық қабілетін дамыту бойынша шығармашылық топтың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №7

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

Қатысқандар саны 10

27.03.2025ж

Қатыспағандар жоқ:

Күн тәртібі:

- 1.Жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы
- 2.Мектепке дейінгі ұйым педагогтердің жұмысын жоспарлауда талдау.
- 3.Қызметкерлердің мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру.
- 4.Тоқсан ішінде сырқаттанушылықты талдау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгеруші: М.Достаева сөз алып берілді. Қоғам үшін әр кезеңде,әр отбасында өсіп келе жатқан ұл-қыздарның дені сау,рухани бай,еңбекке, білімге құштар болып өсуіне-ең жоғары тілек,ең биік мақсат.Жарақат бір сәтте,адам ағзасына әр түрлі сыртқы жағдайлардан әсерету,бұл әсер адамның дене құрылымына және дене зақым келтіреді. Жарақаттардың ешкім алдын аласақтала алмайды,сондықтан балалық шақтан жарақаттар денсаулықа күрделі,әрі ауырзақым келтіреді.Алғашқы көмек көрсетуде балабақшамызда барлық керек жарақатар мен қамтамасыз етілген.жарақатың алдын алу үшін сақтық шаралары күнделікті айтылып отрады.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Ақжигитова сөз алды.Балабақшадапедагог жұмысының жоспарлауы аса маңызды .Алдын-ала жасалған жоспарларбойынша жұмыстың реттілігі анықталып ,сол арқылытәрбиеленушілер білім аладыү.Әр топ тәрбиешілері переспективалық жоспармен циклограмма жазып,бектіреді.Перспективалық жоспарды тәрбиеші құрастырады. Перспективалық жоспарлау балалардың жас ерекшілігінеи байланысты қамтамсыз етіледі.Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетібарлық топтарда мекетепке тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарна сәйкес өткізіледі (ҚР БҒМ2012 жылғы 20желтоқсандағы№557бұйрығы)

Циклограмма-бұл балабақшадағыоқу –тәрбиепроцесінжоспарлаудың бір түрі.Оны әрбір жас топқа сәйкес құрастырады өйткені олардың жасына ерекшеліктері мен материалды меңгергендігіне байланысты.Циклограмма әртүрлі уақыт кезеңдері есептеледі жіне жұмыс істеудің кестесіболуы мүмкін.Егер оны апталық жұмыс жоспарлайтын болса оны, таблица түрінде құрастыру қажет.

Үшінші мәселе бойынша медбике А.Әнуар сөз алды.Қызметкерлердің мерзімі медициналық тексеруден өткізу жұмыстарынуақтылы жүргізілуде.Міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеру жүргізілген медициналық ұйым әрбір жұмыскердің тексеру нәтежелерін медициналық ақпараттық жүйеге енгізеді.Қарап-тексеру деректері Кодекстің 7-бабның31 тармақшасына сәйкес бектілген нысан бойынша амбулаториялық пациенттіңмедициналыққартасына енгізіледі.Қарап-тексеруге қатысатын әрбір медицина қызметкері кәсіптік жарамдылығы туралы өз қортындысын береді.

Төртінші мәселе бойынша медбике : А.Әнуар тоқталып өтті.

Сырқаттанушылық- зерттелетін жылдағы қоршаған орташа жағдайларның

өзгеруіне сезімтал жауап беретін көрсеткіш. Балабақшамызда тоқсан ішіндегі сырқаттанушылық анықталған жоқ.

Шешім:

1. Жарақаттың алдын алу жөніндегі жоспарлар қаралсын
2. Мектепке дейінгі педагогтар жұмысын жопарлау жұмыстары жүргізілсін.
3. Қызметкерлердің мерзімді медициналық тексеруден өткізілуі үнемі бақылауда болсын.
4. Сырқаттанушылықтың алдын алу жұмыстары уақтылы жүргізілсін

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №8

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

2025жылғы «24»сәуір

Қатысқандар:10

Қатыспағандар:жоқ

Күн тәртібі:

- 1.Табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау.
- 2.Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы.
3. Қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету туралы.
- 4.Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі А. Әнуар сөз берілді. Балалар тамағын ұйымдастыруда, ерекше назар аударатын жайт,баланың бейімделу кезеңіндегі тамақтану тәртібі.

Үй тәрбиесіндегі баланың бақша тәрбиесіне өту кезеңі қашанда анықталған психологиялық қиыншылықтармен бірге өтеді. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым балабақшадағы ортаға

бейімделуі қиынға түседі. Осы тұста , көбінесе ,баланың ұйқысы бұзылып ,тәбеті төмендеп,

жалпы ағзасының ауруларға қарсы тұратын қорғаныштық қабаты да әлсірейді.Бала үшін осы

кезеңде ,дұрыс тамақтандыруды ұйымдастыраса, ол ортаға бейімделіп, ұжымға тез үйренеді.

Балабақша тәрбиеленушілеріне ас мәзірін әзірлеуге қойылатын талаптарды балалардың

денсаулығын ескере отырып (аллергиялық сырқаттары бар, артық салмақ не арықтық

мәселелері, ас қорту жүйелерінің созылмалы аурулары және т.б.) орындау қажет. Әр балаға жас ерекшеліктеріне нормадан артық ұсынылмайды.Берілген норма бойынша күнделікті балалар тамақтанады және бұл әдіскер және медбике тарапынан қадағалауда болады.Екінші мәселе бойынша медбике балабақшадағы санитарлық эпидемиологиялық талаптардың дер кезінде жүргізіліп ,тексеріліп жатқандығын айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А. Ақжігітова сөз берілді.

Адамның ерікті қимыл-қозғалыстарының қалыптасуы санасының белсенді түрде қатысуымен

қабаттаса жүреді. Қимыл- қозғалыстарға үйретудің нәтижесі жатталатын дене жаттығуларының маңызын түсінуіне, балалардың қызығушылығына, оқыту әдістерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуіне тәуелді. Әр жас ерекшеліктеріне байланысты іс-әрекет басында

және де күнделікті ойын барысында немесе күннің екінші жартысында балалардың қозғалыс белсенділігін арттыратын ойындар, сергіту жаттығулары және таңғы жаттығуда көптеп ұйымдастырылуда .Бала денсаулығы үшін қозғалыс белсенділігі аса маңызды .

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Ақжігітова сөз алды. Жазғы сауықтыру

Кезеңінің жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жазғы сауықтыру кезеңінің күн тәртібі жасалып,бекітілді.Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының негізгі мақсаты-сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын,шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп , үлкен Қуаныш пен әсерге бөлініп , өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Мектепкедейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын

сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға,олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді.

Шешім:

- 1.Табиғый тамақтану нормаларының орындалуы бақылауда болсын.
2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету күнделікті іске асырылсын.
- 3.Қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі іс шаралар өткізілсін.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары толық аяқталсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Ақжигитова

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №9

«Назира апа» бөбекжай балабақшасы

Қатысқандар саны: 10

23.05.2025ж

Қатыспаған жоқ:

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Мониторинг және оны өткізу барлық топты қарастыру
- 2.МАД тобының балабақшамен қоштасу ертеңгілігі өткізілуі мен дайындығы.
3. «Балаларды қорғау күні» ертеңгілікті өткізу және ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші М.Достаева сөз алды.Білім беру сапасын басқарудың оқу үрдісіндегі негізгі тетіктері бақылау, талдау, бағалау, бағдарлау және нәтижелердің үрдістерін салыстыру болып табылады. Бұл үрдісте оқу - тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден – бір көзі - мониторинг. 2024-2025 оқу жылы аяқталғалы отыр, тәрбиеленушілердің тізімін жасап, мамыр айының 25 күніне дейін қорытынды мониторингті жасау керектігі айтылды.Екінші мәселе бойынша МАД тобының тәрбиешілері сөз алды.Жалпы «Қош бол, балабақша» атты мерекеге дайындықтары жақсы.Бітірушілер балабақша өміріне белсенді қатысқан ата-аналарға грамота дайындалды. Керекті костюмдер мен залды әсемдеуге арналған заттармен безендірілсін. Тәрбиешілер ертеңгіліктің жалпы мақсаттарын бекіту.

Қаулы:

- 1.Балалардың даму деңгейі өтте жақсы деп қабылдансын
2. Балабақшамен қоштасу ертеңгілік өз деңгейінде өтілсін

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Достаева

А.Акжигитова

